



# Ақмешіт

6 қараша  
сенбі  
№88 (1790)  
2021 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Қазақ ақын-жазушыларының ішіндегі  
көрнекті өкілінің бірі – Мұхтар Әуезов.  
Оның көптеген шығармасы заман  
биігімен үндесіп, оқырман  
жүрегінен орын алған.

## ҚЫЗЫЛОРДА ӘУЕЗОВКЕ ДЕ ТҰРАҚ БОЛҒАН



Әуезов шығармашылық өмірінің алғашқы кезеңінен бастап көркем шығармалар жазумен қатар әдеби сын, зерттеу еңбектер жазуды қолға алды. Оның ең алғаш баспа бетінде жарияланған туындылары әдеби-публицистикалық сын мақалалар болды. Жазушы 1928 жылы «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянында «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде емес, жалпы газет-журнал мақалаларынан басталды» деп жазған болатын. Қаламгер әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып, әдебиет тарихына байланысты зерттеу мақалалар мен оқулық еңбектер жазып, тыңнан жол салды.

3 БЕТТЕ

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## АҚСУАТҚА ГАЗ КЕЛЕДІ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев пен облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов Ақсуат ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуде қала әкімі ауыл тұрғындарына Жақыпбек Махамбетов және Наурыз елді мекендерін газдандыру жобасының жай-жапсарын баяндап, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды кеңінен түсіндірді.

2 БЕТТЕ



### ТӘЛІПТЕР ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАҒА ҚАРСЫ

Ауғанстандағы билікті тәліптер (Қазақстанда тыйым салынған) қолға алғалы ағандар ғана емес, әлем жұрты да алаңдаулы. Ұзақ жылдар бойы еліндегі билікке қарсы соғысқан ұйым билікті өз қолына алған соң жаңа жүйе енгізуде. Осы орайда ел ішіндегі жаңадан енген кейбір шектеулер халықтың көңілінен шыға қоймағанды. Соның бірі – шетелдік валютаға деген тыйым. Бұл туралы BBC арнасы «Тәліптер Ауғанстанда шетелдік валютаны қолдануға тыйым салды» деген тақырыпта мақала жариялады.



Мақалада тәліптердің ел ішінде шетелдік ақшаны қолдануға тыйым салуы осыз да құрдымның алдында тұрған экономикаға кері әсерін тигізуі мүмкін делінген. Тәліптер өз мәлімдемесінде «Экономикалық ситуация мен ұлттық қызығушылықтар елдегі әрбір адам сауданы тек ұлттық валютамен жасауын талап етуде», – деген.

Негізінен Ауғанстан жеріндегі билікті тәліптер басып алғаннан кейін мұнда біраз қиындық пайда болды. Халықаралық қаржы ұйымы демеушілігін тоқтатқанының өзі бұл мемлекетті тығырыққа тіреді. Жалпы ауған жерінде АҚШ доллары көп қолданылса да. Одан бөлек Ауғанстанға жақын орналасқан Пәкістан еліндегі сауда жүйесінде кеңінен пайдаланылады.

Жақында желіде талибан ұйымының ресми өкілі Забихулла Муджахид арнайы үндеу жариялады. «Ислам әмірлігі барлық азаматтарға, саудагерлер мен кәсіпкерлерге, жалпы қоғамға ендігі кезде барлық қызметті тек ауғандармен жасасуды және тек ұлттық валютаны қолдануды міндеттейді», – делінген жазбада. Сондай-ақ бұл тапсырманы орындамаған кез келген адам қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны да айтылған.

Тамыз айында тәліптер билікті басып алғаннан соң Ауғанстанның миллиардтаған долларлық шетелдік активтерін АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесі мен Еуропадағы орталық банктер бұғаттап тастаған.

«Біз тәліптерге қарсы санкцияларымызды сақтау керекпіз және ауған халқына заңды гуманитарлық көмек беруге міндеттіміз деп есептейміз. Қазіргі кезде біз дәл осылай істеп жатырмыз», – деді АҚШ Қаржы министрінің орынбасары Уолли Адейево.

Тәліптер өз кезегінде елдегі экономикалық қиындықты алға тартып, шетелдік банктерде сақталған ұлттық активтерді бұғаттап босатуды сұрап отыр.

Ауғанстан экономикасы негізінен шетелден берілетін көмектің болмауынан да әлсіреді. Себебі шет мемлекеттер берген грант мемлекеттік шығынның төрттен үш бөлігін жауып отырған. Жыл басында сондай-ақ Халықаралық валюта ұйымы Ауғанстан енді өз қаржысына қол жеткізе алмайтынын мәлімдесе, Дүниежүзілік банк елдегі қаржылай қолданулардың толық тоқтатынын айтқан.

Өткен айда Халықаралық валюта ұйымы мұндағы экономика 30 процентке құлдырап, елде гуманитарлық дағдарыс орнап, миллиондаған адам кедейлікке тап болады деп болжаған. Сонымен қатар елдегі дағдарыс босқындардың пайда болуына және олар Түркия мен Еуропа елдеріне қашу арқылы сол мемлекеттерге де кері әсерін тигізуі мүмкін екенін айтқан.

Ауғанстанға қуаншылықтың да кесірі тиіп, бүгінгі кезде астық бағасы күрт көтеріліп кеткен. Біріккен ұлттар ұйымының дүниежүзілік сауда бағдарламасы ауғанстандықтардың елдегі дағдарыс, эпидемиологиялық ахуал мен сыртқы саясаттағы жағдайы салдарынан ашықтан халық қиырлығы мүмкін деп болжауда.

Алайда батыс державалар Ауғанстанда гуманитарлық аялпатын болғанын қаламайтынын айтқанымен, Талибан үкіметін ресми түрде мойындаудан бас тартып отыр.

4 БЕТТЕ



## САНАҚ САНАУ ҮШІН ҒАНА МА?

«Қазақстанда әркім маңызды!» Бұл сөзді соңғы кезде жиі естіп, жиі оқып жүрген боларсыз. Бұл – биылғы ұлттық халық санағының ұраны. Өз елің үшін сенің орның бөлек. Сен өз елінде ғана еркінсің. Мемлекетің үшін әрбір азамат маңызды. Бір ауыз сөздің мағынасы осыған саяды. Жүрекке жететін жылы сөз...

Әне-міне дегенше, халық санағы науқаны да аяқталып қалды. Санақтың өту барысы, сауалнамадағы сұрақтар қоғамда біраз талқыланып, уақыт өте ол да ұмыт бола бастады. Санақ қорытындысымен халық санының қанша болғаны жалпақ жұртқа жария болады да осымен санақ жұмысы тәмам. Жалпы халық санағы халық санын анықтау үшін ғана ма?

Қазақ елі үшін санақ жұмысы бірінші рет емес. Тәуелсіз қазақ елінің бірінші ұлттық санағы 1999 жылы, ал екінші санақ 2009 жылы өтті. Әр он жыл сайын өтуі тиіс кезекті санақ 2019 жылы өтуі керек еді. Алайда әлемді жайлаған пандемия салдарынан науқан кейінге шегеріліп, биылғы жылдың күзіне бұйырды.

2 БЕТТЕ

### ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Ғибрат БАЙСЕЙІТОВ, қалалық мәслихат депутаты:

## «ШЕТ АЙМАҚТА ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ӘЛІ БАР»



Депутат – бұқара мен билік арасындағы алтын көпір. Олардың мақсат-мүддесі – өзі сайланған аймақтың күрмеулі мәселелерінің түйінін тарқату. Мұны депутат мандатын иеленген әрбір азамат жақсы біледі. Бүгінде қалалық мәслихат құрамында 22 халық қалаулысы бар. Соның бірі – Ғибрат Байсейітов. Газетіміздің «Депутат мінбері» айдары аясында халық қалаулысымен жүздесіп, сұхбаттасқан болатынбыз.

2 БЕТТЕ

### Ж.ЖАБАЕВ – 175

## ЖАМБЫЛДАН МҰРА БОЛҒАН ҚОС ДОМБЫРА



Биыл Жамбыл Жабаевтың өмірге келгеніне 175 жыл толып отыр. Қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі саналатын ақынның артында қалдырған рухани дүниесі ұлт мұрасы ретінде ұрпақ жадында мәңгі сақталары сөзсіз. Жыр алыбы талай айтыстың көрігін қыздырып, сүбелі сөз саптаудан алдына жан салдырмаған. Ұлы Отан соғысында «Ленинградтық өренім!» деп жауынгерлерді рухтандырған да Жамбыл ақын болатын.

3 БЕТТЕ

# АҚСУАТҚА ГАЗ КЕЛЕДІ



Қазіргі таңда жобаның алғашқы кезеңіне республикалық бюджеттен қаралған 500 млн теңгеге құбырлар жеткізу, жер қазу, газ тарату шафтарының құрылысы жүргізіледі. Ол үшін газ құбыры жолындағы инженерлік желілер бойынша «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазавтожол» АҚ, «ҚазСуШар» РМК-мен келісім жүргізілуде. Мердігер мекеме «Алия сервис» ЖШС көрсетілген мерзімде міндеттемесін толық орындауға күш салуда.

Көгілдір отын Жақыпбек Махамбетов және Наурыз елді мекендеріне Бейнеу-Бозой-Шымкент газ магистралінен тікелей алынады. Ол үшін шыны зауыты жанынан автоматтандырылған газ тарату стансасы салынады. Тыңғылықты зерттеулер нәтижесі бас газ тарату пунктінің осы


аумақта орналасуын тиімді таңдау екендігін көрсеткен. Себебі алдағы уақытта тек аталған ауылдық округ қана емес, сол аумаққа жақын елді мекен халқы еш кедергісіз газ игілігін көретін болады, – деді қала әкімі.

Газдандыру жобасы 2023 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда. Оған дейін реттілігімен ауыл тұрғындары көгілдір отынға қосыла бермек. Осы тұста қала әкімі Ғанибек Қазантаев құрылыс бөлімінің басшысы Біржан Далабаевқа және ауылдық округ әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаевқа құрылыс жұмыстарының орындалу барысында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды тапсырды. Өз кезегінде Ақсуат тұрғындары ауылдарына газ тарту жұмыстарына ризашылықтарын жеткізді.

Т.ЖӨКЕБАЙ

Басы 1-бетте

# САНАҚ САНАУ ҮШІН ҒАНА МА?



Билығ санақтың ерекшелігі – онлайн өтуі. Пандемия сынағы халықтың цифрлық сауаттылығын қаласа да, қаламаса да арттыра түскенін айтсақ, халық санағынан өту кезінде де жалпы жұрт онлайн өтуге дайын болды десек, артық айтқандық емес. Себебі қай салада болсын, смартфон арқылы жұмысты бітіруге халық тез үйренді. Қолма-қол ақша ұстамаудан бастап, онлайн сауда, онлайн жұмыс, онлайн оқу жаңа технологияның жемісі екенін, оның тиімділігін түсінген ел халық санағының да онлайн өтуіне тосықтай қараған жоқ. Ең бастысы, интернет жылдамдығы ірікілмесе болғаны.

Халық санағындағы қоғамда пікірталас қыздырған мәселе – ондағы сұрақтар мазмұны. Әсіресе «неше баланы тірі тудыңыз?» деген секілді сауалдар көпшілікке түрпідей тиді. Елдегі демографиялық жағдайды, халық денсаулығын, ана мен бала денсаулығына сараптама жасау үшін мұндай ақпараттар да қажет болар. Дегенмен сұрақтардың қойылуы да көпшілікті бей-жай күйге қалдырғаны рас.

Санақ сауалнамасындағы сұрақтың көптігі жайында «Ұлттық халық

санағы-2021» ресми өкілі Олжас Сайлаубекұлы бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында айтып өтті. «Халық санағы – бұл елдегі халық өмірінің экономикалық, демографиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша, оларды экономикалық болжау, жұмыспен қамту саласындағы саясатты айқындау, әлеуметтік бағдарламалар құру үшін. Сондай-ақ мемлекеттік билік орындарының функцияларын орындау, қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдалануға болатын ауқымды деректер алуға мүмкіндік беретін ауқымды шара. Санақ нәтижесі экономикалық және бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және дамыту үшін қажет, яғни құрылыс, баспаналарды бөлу, демографиялық көші-қон процестері, білім, денсаулық сақтау салаларында және жұмыс орындарын құру бағдарламаларын дамытуға көмектеседі. Халық санағы жұмыс орындары туралы, ал бизнес үшін маңызды және нақты тұтынушы туралы сипаттама береді. Халық санағына қатысқан әрбір тұрғын мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлауға және әзірлеуге үлес қосады», – дейді ол.

Санақ барысында

көпті аналандатқан тағы бір мәселе жеке деректердің қауіпсіздігі. Көп көкпейіндегі бұл сауалға ҚР Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смаилов БАҚ-қа берген сұхбатында нақты жауабын берді.

«Ұлттық статистика бюросының ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізіміне енгізілген және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамында мониторингте тұр. Халыққа сұрау салу планшеттер арқылы және интернет желісі арқылы онлайн режимде өтеді. Планшетте санақ парақтарын толтыру кезінде шифрланған күйде сақталатын контейнер қалыптасады және деректерді Ұлттық статистика бюросының серверлеріне МОБТЖ (Мемлекеттік органдардың бірыңғай транспорттық жүйесі) бойынша қорғалған каналдар арқылы жолданады.

«Халық санағы – бұл елдегі халық өмірінің экономикалық, демографиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша, оларды экономикалық болжау, жұмыспен қамту саласындағы саясатты айқындау, әлеуметтік бағдарламалар құру үшін. Сондай-ақ мемлекеттік билік орындарының функцияларын орындау, қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдалануға болатын ауқымды деректер алуға мүмкіндік беретін ауқымды шара. Санақ нәтижесі экономикалық және бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және дамыту үшін қажет, яғни құрылыс, баспаналарды бөлу, демографиялық көші-қон процестері, білім, денсаулық сақтау салаларында және жұмыс орындарын құру бағдарламаларын дамытуға көмектеседі.

Санақтар жүргізілді және оң нәтиже алынды. Алынған деректердің құпиялығы мен сақталуын Қазақстан заңнамасымен реттелетін процестер шеңберінде және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен ынтымақтаса отырып қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады, – деді үкімет басшысының орынбасары.

Бүгінде халық санағы бойынша нақтылау шаралары басталды. Бұл жұмыс 8 қарашаға дейін жалғаспақ. Халық санағының 1 қарашадағы мәліметі бойынша елде 19450179 адам санақ жүргізу шарасымен қамтылған.

Халық санын ғана емес, тұтас бір мемлекеттің бет-бейнесін, халқының жай-күйін анықтайтын және санақ нәтижесіне қарай ел игілігіне қызмет ететін бағдарламалар мен шешімдер қабылданатын ұлттық санақ та мәресіне жеткелі тұр. Қазақтың саны көбейсін!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Гибрат БАЙСЕЙІТОВ, қалалық мәслихат депутаты:

# «ШЕТ АЙМАҚТА ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ӘЛІ БАР»

– Гибрат Мұратұлы, депутат мандатын иеленудегі басты мақсатыңыз қандай?

– Мен 2020 жылдың қазанынан бастап «Ақ жол» демократиялық партиясының ұстанымы мен бағдарламасын және мақсатын өзіме жақын тұтып, партия қатарына мүше болдым. Қалалық мәслихаттың депутаттығына «Ақ жол» демократиялық партиясының партиялық тізімі арқылы әріптестерімнің ұсынымы мен қолдауы бойынша өттім. Сондықтан айтып өткендей, менің басты мақсатым партиямыздың ұстанымы мен мақсатына сай – ел экономикасын нығайту, жұмыс орындарының жабылмауы, керісінше жаңа жұмыс орындарының ашылуы.

Қазіргі кезде елдегі мәселелерді шешу үшін жаңа тәсілдер керек. Мемлекет басқару ісіне қоғам жан-жақты араласуы қажет және оны бақылауы керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, әлеуметтік әділдік орнату, халықтың жақсы өмір сүруі, кәсіпкерлікті қолдау, еліміздің ұлттық мүдделерін қорғау секілді бағыттар – менің депутаттық басты ұстанымым.

– Халық қалаулысының міндетіне не кіреді?

– Партия атынан сайланған депутат болғандықтан партияның ұстанымдарын үнемі сайлаушыларыма жеткізіп отыру, олармен байланыста болу. Туындалған түрлі мәселелерді, мәслихат сессиясына, оның тұрақты комиссияларына және басқа да мемлекеттік органдарға ұсыну. Сонымен қатар қабылданатын шешімдердің орындалуын қадағалау, қабылдауға қатысу, сайлаушылар тарапынан келіп түскен арыз-шағымдармен заң аясында жұмыс жасау. Сондай-ақ партиялық әріптестеріммен бірге түрлі заң жобаларына өзгертулер енгізуге атсалысу бізге жүктеледі.

– Қалалық мәслихат депутаты ретінде сізге бөлінген «Шанхай» аталып кеткен ауданында қандай күрделі мәселелер бар? Оның шешілуі жолында неңдей жұмыстар жүргізілуде?

– Орынды сауал. Көпшілік «Шанхай» атап кеткен аудан – қаламыздағы халық тығыз және көп шоғырланған аймақ саналады. Ондағы мәселелер реті ауысу, аяқсу мәселесі, қоғамдық көлік мәселесі (қоғамдық көлік бармайтын көшелер жеткілікті), тас жол (асфальт) мәселесі, қоғаландыру мен тазалық мәселесі түйткілді болып отыр. Дегенмен Шанхайдағы күрмеулі мәселелер ретімен шешімін тауып келеді. Осы ретте заң аясына сай жауапты мекемелермен жұмыс жасалып жатыр.

– Тәуелсіздіктің басты құндылығы деп нені атап едіңіз?

– Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «Мемлекеті

Басы 1-бетте

жоқ халық – жетім» деген сөзі бар. Біздің басты құндылығымыз – мемлекетіміздің Тәуелсіздігі. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оның ұлттық мүдделерін қорғау – өзін республика азаматы санайтын кез келген адамның парызы. Тәуелсіздік – біздің өз жолымызды өзіміз таңдау мүмкіндігіміз. Келешек ұрпақтың болашағы жолындағы жауапкершілігіміз. Тәуелсіздік пен еліміздің тұтастығы, әрбір адамның өмірі, құқығы және бостандығымен қатар тұратын басты құндылық. Тәуелсіздік – ол біздің еліміз, жеріміз, діліміз бен ана тіліміз.

«Ақ жол» демократиялық партиясы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуді қолдайды. Ана тіліміз – қазақ тілін экономикамен қаржы саласына, мемлекеттік басқару мен шетелдік инвесторлардың жұмысына мемлекеттік мәртебесіне сай енгізуіміз керек деп есептейді.

– Бүгінгі күннің батыры деп кімдерді атауға болады?

– Олар – өзгенің амандығы үшін өз өмірлерін қиятын құтқарушылар, медицина саласының мамандары, өзгенің жоғын жоқтатпай, жыртығын жамап, қолдарынан келгенше көмек беріп жүрген қазақтың алтын жүректі қыз-жігіттері. Кез келген бөбекке әріп үйретіп, білім нәрін сіндіріп жүрген ұстаздарымыз. Жалпы әрбір қазақтың бойында батыр бабаларымыздың қаны бар. Сондықтан мен үшін Отаным сүйіп, халқым құрметтейтін әрбір қазақты батыр десем де болады.

– Сіздің ойыңызша қазақтың құндылық қазіргі қоғамда қадірін жоғалтқан жоқ па?

– Жоғалтқан жоқ. Керісінше, Тәуелсіздік алғаннан бастап 70 жыл бойы ұмытыла бастаған көптеген қазақи құндылықтарымыз қайта қалыптасып, рухани жаңғырып жатыр. Қазақтар өздерінің қазақи құндылықтарын ешқашан ұмытпайды. Ол – атадан-балаға берілген қастерлі мұра.

– Соңғы сауал. Абайдың қай қара сөзін үлгі етесіз?

– Қазақ үшін Абайдан асқан дана жоқ. Оның әрбір айтқан сөзі ғасырлармен астасып, ұрпақ жадында жаңғырып келеді. Кез келген пайым-парасаты күллі адамзат баласына рухани азық сыйлайды. Қырық бес қара сөзінде өмірлік бағдар беріп тұратын «Қара сөз» дегеніміз. Онда хакім Абай «Біреудің жетістігіне қуануды, рахат табуды сөз етеді. Өтірік күліп өзгенден дәметпе, еңбек ет, еңбек өз несін жерге қаратпайды» дейді. Міне, бұл – барша ұрпаққа айтылған онегелі өсиет.

– Әсерлі әңгіменіңіз рәкімет!

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

## «АЯУЛЫ КҮЗ – АЛТЫН КҮЗ»

Күз мезгілі – береке әкелетін мезгіл. Сондықтан, адамдар күзді «берекелі күз», «алтын күз» деп баға береді. Осындай берекелі мерекеге орай, ЗК-169/4 мекемесінде жазасын өтеуші азаматтар арасында «Алтын күз» тақырыбында жарыс, көрме ұйымдастырылды. Шараны мекеменің тәрбие бөлімі мен жазасын өтеуші азаматтарға білім беріп жүрген Шнелі аудандық кешкі мектеп мұғалімдері бірлесіп ұйымдастырды. Шараны мекеме бастығы, әділет подполковнигі Айбол Махамшев ашып берді. Ел байлығын арттырған берекелі күз мерекесімен мекеме бастығы, әділет подполковнигі Айбол Махамшев, мекеменің САӨТЖ бастығы, әділет майоры Абдулла Уайлаев, кешкі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә. Байғалиева қатысушыларға сәттілік тіледі.



Кешкі мектепте білім алып жүрген сотталған азаматтар «Күрен күз», «Күзгі шуақ» топтарына бөлініп, жарыс көркім қыздыра түсті. Жарыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде мақал-мәтелдерді жаңағырса, екінші кезеңде сұрақтарға жылдам әрі нақты жауап беріп, үшінші кезеңде сотталған азаматтар өздерінің жемістер мен көкіністерден жасаған көрмесімен таныстырды. Жарыс барысында сотталған азаматтар жоғары дайындықпен келгендерін көрсетіп, белсенділік танытты. Сұрақтарға жылдам жауап беріп отырды. Жемістер мен көкіністердің адам денсаулығына пайдалы екендігін, емдік қасиеттерін де айтып өтті.

Сұрақтарға жауап беруін, көрмені таныстыруын, мақал-мәтелді дәл табуын сараптаған қазылар алқасы «Күзгі шуақ» тобын жеңімпаз деп таныды. Жеңімпаз топ пен белсенділік танытқан азаматтар алғыс хатпен марапатталса, оларға сый-сыяпат ретінде жеміске толы себет табысталды.

Ж.А. ДАБЕРГЕНОВА,

Шнелі аудандық жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі

## СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8(7242)21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

## СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әділеттік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзлісі уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.



